**Статья 25.** Профессиональная деятельность судьи несовместима с членством в политической партии или общественном объединении, преследующем политические цели. Судья не вправе публично выступать в поддержку таких общественных объединений, оказывать им правовую или любую другую консультативную помощь, иным образом участвовать в их политической деятельности.

# БҮГІНГІ СУДЬЯЛАР БҰРЫНҒЫ БИЛЕРДІҢ ӘДІЛДІК ПЕН ӘДЕПТІЛІК ДӘСТҮРІН ЖАЛҒАСТЫРУЫ ТИІС!



**Арман ЖҮКЕНОВ**  
Астана қаласы  
Сарыарқа аудандық  
сотының төрағасы,  
«ҚР Судьялар одағы»  
Астана қалалық  
филиалының мүшесі

Еліміздің тәуелсіздік алғанына биыл ширек ғасыр толып отыр. Әрине, бұл адам баласының ғұмырымен есептегенде әжептәуір уақыт болғанымен, тарихи жылнама өлшеммен аса ұзақ мерзім емес. Десек те, «Елге – бай құт емес, би құт», «Тура биде – туған жоқ, туғанды биде – иман жоқ» деп, философиялық ой түйген бабалар сөзінің бүгінгі судьяларға берер тәрбиелік мәні мен тағылымы зор деп ойлаймын.

Елімізде жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформалардың нәтижесі қазіргі уақытта жемісін беруде.

Адамдардың әділ сот төрелігіне деген сенімдері артуда. Сот билігінің бұрынғы бес сатыдан қазіргі үш сатыға ауысуы қарапайым жұрт үшін сот төрелігінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатындағы өзгерістер деп айтуға болады. Құқығы бұзылған кез келген азамат алдымен сотқа жүгінеді. Бұл – бүгінгі жүргізіліп отырған мемлекеттік құқықтық саясаттың оң нәтижесі. Ал қоғам дамуы алға ілгерілеген сайын судьяның бейнесі, оның адами болмысына деген талап деңгейінің жоғарылауы – табиғи заңдылық. Себебі, судьялар 2000 жылғы 25 желтоқсанда Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес зор мәртебеге ие. Осы заң үнемі жетілдіріліп, судьялар орнынан түскен немесе зейнет жасына толған жағдайда оларды әлеуметтік қорғау мемлекет тарапынан үнемі қолдау тауып келеді.

«Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Судьялар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады». Конституциялық заңда көрсетілген осы нормалар судьяларға үлкен құзырет берумен қатар, зор жауапкершілік жүктейді. Олай болса судьялардың кезекті VII съезінің күн тәртібіне «Судьялардың жүріп-тұру қағидаттары мен қағидаларының әдеп кодексін қабылдауды шығару – уақыт талабынан туындаған маңызды міндет. Қазіргі уақытта аталған Кодекстің жобасы судьялар, заңгерлер қауымдастығы мен қоғамдық ұйымдар тарапынан қызу талқыланып, жұртшылықтың зор қызығушылығын тудырып отыр де-

## ЖОБА

Судьялар жүріс-тұрысының этикалық қағидалары мен ережелерінің кодексі (Судьялардың этикалық кодексі)

### I ТАРАУ .....

**2-бап.** Кодекстің реттеу мәні судьялардың сот төрелігі кезінде жүріс-тұрыстың этикалық қағидалары мен ережелерін сақтауға байланысты қарым-қатынастар болып табылады.

**3-бап.** Кодексте белгіленген қағидалар мен ережелер атқарылатын лауазымға, міндеттерді тұрақты немесе уақытша орындауға, орналасқан жеріне немесе және өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық судьяларға таралады.

**4-бап.** Судьялар этикасына байланысты қандай да болса мәселелер осы Кодекспен реттелмеген жағдайларда, судья адамгершілік пен моральдің жалпы қабылданған қағидаларын, сонымен қатар әділ сот және судьялар этикасын сақтау саласындағы халықаралық стандарттарды басшылыққа алуы тиіс.

**5-бап.** Судья оның мүмкін болатын жүріс-тұрысы немесе әрекетінің моделі кодексте көрсетілген этикалық нормаларына сәйкестігі туралы судьялар қауымдастығының уәкілетті органына сұрау салумен жүгінуге құқылы.

Судьяның мұндай сұрау салуы қаралуға міндетті, қарау нәтижелерінің мағынасы ұсынбалы болады.

## ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС СУДЬИ

сек қателеспейміз.

Ықылым заманнан қазақ халқы билердің қызметіне, оның адамгершілік және моральдық болмысына зор талаптар қойған. Себебі, біздің дана халқымыз әдептілік қағидасын өте ерте заманнан ұстанған және Ислам дінін қабылдаған уақытта да мұны ұмытпаған. Адамдардың бір-бірімен ымыраласып, қоғам болып және әдептілікке сай өмір сүруін қолдаған. Осы жерде Бұқар Жыраудың (1668-

1781) «Аталыдан би қойсаң, адаспас жол мен жобадан. Атасыздан би қойсаң, босанбас аузы парадан» деген толғауы осыны меңзесе керек.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыруда судьялардың бұрынғы билердің әділдік пен әдептілік дәстүрін ұстанып, әдеп нормаларын бұлжытпай орындауының маңызы зор.

## СУДЬЯ ДОЛЖЕН ПОМНИТЬ О СВОЕЙ ВЫСОКОЙ МИССИИ



**Марат ЕЛЕМЕСОВ**

**Судья Ауэзовского районного суда г. Алматы  
Делегат 7-го внеочередного съезда судей РК**

Каждый очередной съезд судей – это возможность оценить достижения судебной системы минувших лет, определить приоритеты, обсудить наиболее актуальное.

Время, прошедшее после VI-го Съезда судей, было насыщенным на события и перемены в плане

модернизации судебной системы, законодательства, кадровой политики.

В центре внимания сегодня вопросы обоснованности выносимых приговоров и принимаемых решений. Курс на гуманизацию полностью изменил подходы к уголовному судопроизводству: недопустимо назначение необоснованно мягких мер наказания за тяжкие преступления, как и чрезмерно строгих за не представляющие большой общественной опасности преступления, за административные правонарушения.

Уходит в прошлое репрессивно-карательная судебная система. Об этом еще на 1 Съезде судей в 1996 году говорил Глава государства: «Мы впервые ушли от идеализированной обвинительной и командной судебной системы, при которой жили в советский период». А ведь совсем еще недавно отношение к оправдательному приговору было как к чрезвычайному событию, на вынесшего его судью смотрели с недоверием.

Согласно статистике, в целом по стране число оправдательных приговоров в 2015 году возросло на 55,4%, и на 38,9% - в первом полугодии 2016 года. На 38,9% в текущем году увеличилось количество уголовных дел, рассмотренных с участием присяжных заседателей, почти втрое возросло число ма-

### ПРОЕКТ

## Кодекс этических принципов и правил поведения судей (Этический кодекс судей)



**Статья 26.** Судья как представитель судебной ветви власти не должен пропагандировать свои религиозные убеждения и взгляды, распространять религиозные знания среди населения. Он не вправе осуществлять деятельность в составе религиозных организаций, официальных делегаций, комиссий, организационных комитетов по проведению религиозных конференций, съездов, иных мероприятий и обрядов, оказывать содействие деятельности религиозных организаций в любой, в том числе консультативной или просветительской, форме.

Положения настоящей статьи не должны рассматриваться как ограничивающие право судьи на свободу вероисповедания, на посещение им культовых сооружений или мест поклонения, на участие в богослужениях, религиозных обрядах, церемониях, проводимых в установленном законодательством порядке, наравне с другими гражданами, от своего имени.



**Статья 28.** Судье следует воздерживаться от публичных заявлений, критики судебных решений, если они могут причинить ущерб интересам правосудия.



## СУДЬЯЛАРДЫҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

териалов о санкционировании (с 9 783 до 29 082), рассмотренных следственными судьями, почти половина из них (48,5% или 14 103) - по новым полномочиям.

Другой важный показатель - в рассматриваемый период снизилось число лиц, осужденных к реальному лишению свободы, значительно возросло применение наказания, не связанного с лишением свободы: если в 2015 году - на 22,6% в сравнении с 2014 годом, и на 23,1% в сравнении с 2013 годом. В первом полугодии 2016 года в сравнении с аналогичным периодом прошлого года удельный вес лиц, в отношении которых применены альтернативные виды наказаний, вырос на 6,6%.

Все это стало возможно благодаря более широкому применению мер наказания, альтернативных лишению свободы в свете изменений, внесенных в уголовное законодательство.

Ставя на повестку дня 7-го внеочередного съезда судей РК принятие Этического кодекса, судейское сообщество перемещает акценты на повышение механизма внутреннего самоконтроля при исполнении судейских обязанностей и во внесудебной деятельности.

Предлагаемые Кодексом правила поведения судей касаются каждого судьи, в том числе и наших старших коллег, которые будучи в отставке сохраняют звание судьи и причастность к судейскому сообществу.

Почему недостаточно существующих для судей самых главных постулатов - независимости и подчинения только закону? Ответ прост: доверяя отправлению правосудия судье, общество хочет быть уверенным в его моральном праве судить, что он независим, объективен и беспристрастен. И ничто не должно мешать исполнению им своей миссии. Поэтому судья не может

### ПРОЕКТ

### Кодекс этических принципов и правил поведения судей (Этический кодекс судей)



**Статья 29.** Судья должен содействовать профессиональному освещению в средствах массовой информации судебной деятельности, надлежащему информированию общественности о социально значимых событиях, проявляя при этом осмотрительность, избегая комментариев по существу дел, по которым не принято окончательных судебных актов.



## Система назначения судьи

Правосудие на деле становится справедливым и объективным, отвечающим своей истинной сути - защите прав, свобод, чести и достоинства, интересов, охраняемых законом. И если в плане модернизации отечественного законодательства, его поступательном движении к мировым стандартам налицо очевидные подвижки, то теперь на повестку дня встает вопрос объективного и честного судейства, и непосредственно личностных качеств судей.

заниматься предпринимательством или иной оплачиваемой работой, за исключением преподавательской и научно-исследовательской. От него требуется осмотрительность в личных финансовых и деловых связях, не проявлять политических и религиозных пристрастий.

Кодекс служит задаче предупреждения противоправного поведения среди судей. Его положения и нормы предоставляют им возможность избрать верный способ поведения, руководствоваться суще-

Судья вправе предоставлять информацию о процессуальных стадиях рассмотрения дела, пояснения и комментарии к принятому судебному решению, высказывать мнение о сложившейся практике применения норм материального или процессуального права.



## ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС СУДЬИ

**«Передовая судебная практика – это отказ от бумажного документооборота с переходом на электронные технологии, которые должны стать базой современного судебного процесса».**

*Из выступления Президента Республики Казахстан на V Съезде судей Республики Казахстан. Астана, 2009 г.*

ствующими профессиональными канонами и полагаться при этом на свое сознание, не причиняя ущерб репутации. В своем поведении в повседневной жизни он должен придерживаться строгих правил и ограничений, предвидеть возможные последствия отклонений от норм, не допуская компромиссов и сделок с совестью, не поддаваться влиянию извне, руководствоваться только законом.

Наличие морально-нравственных качеств, самовоспитание, помогут ему избежать профессиональной деформации, когда свои обязанности он выполняет автоматически, бездушно и черство, утратив чувство гуманности, видя в человеке лишь субъект либо объект преступления. Поэтому документ, который мы предварительно обсуждали и примем на съезде, имеет такое исключительное значение.

Если вернуться к теме изменения подходов к разрешению споров и конфликтов в свете модернизации законодательства, то внедрение альтернативных способов, главным образом в социальной сфере, побуждает судью принимать активное участие в применении примирительных процедур, заключении сторонами медиативного соглашения, использования возможностей урегулирования посредством партисипативной процедуры, что повышает статус и роль адвоката. Впервые в Закон «О нотариате» внесены нормы, которые дают нотариусам право проводить примирительные процедуры, а по изменениям в Законе «Об адвокатской деятельности» адвокаты получили право на проведение партисипативной процедуры.

У гражданина есть право выбора – урегулировать спор во вне-

судебном порядке в упрощенном производстве, или в судебном разбирательстве.

Судебно-правовая реформа тем самым приняла действенные меры к развитию восстановительного правосудия, которое направлено на повышение доверия населения к судебной системе, снижение нагрузки на суды. И есть надежды, что это позволит усилить деловую активность, будет способствовать созданию в стране благоприятного инвестиционного климата. Институт медиации встретил поддержку и одобрение населения и юридического сообщества.

Согласно данным Верховного Суда РК, если в 2013 году с участием медиатора в целом по республике рассмотрено 3 563 дела (1 276 – гражданских, 2 287 – уголовных), в 2014 году – 10 611 дел (5 090 – гражданских, 5 521 – уголовных), то в 2015 году – 11 274 (6 750 – гражданских, 4 524 – уголовных). В 1-м полугодии 2015 года – 4 795 (2 785 – гражданских, 2 010 – уголовных), а в 1-м полугодии 2016 года – 12 192 (8 596 – гражданских, 3 596 – уголовных). Около 10 тысяч дел ежегодно прекращается ввиду заключения мирового соглашения.

Число гражданских дел, разрешенных с применением альтернативных способов разрешения спора, за 6 месяцев 2016 года составило 12 959 (7 324 – в 1-ом полугодии 2015 года). Из них 4 106 (4 539) гражданских дел или 31,7% окончено заключением мирового соглашения, 8 601 (2 785) или 66,4% – с участием медиатора, 252 или 1,9% – в порядке партисипативной процедуры. Для создания условий открыто 827 кабинетов медиации, обеспеченных необходимым оборудованием, при акима-

### ПРОЕКТ

#### Кодекс этических принципов и правил поведения судей (Этический кодекс судей)



**Статья 30.** Судья должен воздерживаться от абстрактной критики законов и государственной политики. Он вправе выражать свои суждения, связанные с интерпретацией правовых норм, их критической оценкой по мотивам неясности, противоречивости или иным основаниям, посредством участия в общих научно-практических дискуссиях по соответствующей проблематике, в том числе в средствах массовой информации, на конференциях, круглых столах, семинарах или других официальных мероприятиях.



**Статья 31.** При осуществлении организационно-распорядительных функций судья должен добросовестно использовать соответствующие полномочия по регулированию судебной нагрузки, организации работы аппарата суда, проведению личного приема граждан, решению кадровых и других вопросов, заботиться о состоянии морально-психологического климата в суде.

Реализация административных полномочий должна быть направлена на обеспечение своевременного и эффективного отправления правосудия и основана на уважительном и корректном взаимодействии с судьями и судебными работниками.

# СУДЬЯЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫ КҮШЕЙТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ



**Әлия ТҮБЕКБАЕВА**  
Қызылорда облысы Шиелі аудандық сотының судьясы

Бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға бағытталған Ұлт Жоспарының 17-қадамында судья лауазымына кандидаттарды іріктеу жүйесі мен біліктілік талаптарын күшейту көзделген. Осыған сәйкес 2015 жылдың 4-желтоқсанындағы Қазақстан Республикасының № 437-V Конституциялық заңымен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 29-бабына судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Аталған заң талабына сәйкес жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттері, мінсіз беделі және әдетте, сот отырысының хатшысы, сот консультанты (көмекшісі), прокурор, адвокат ретінде кемінде бес жыл жұмыс өтілі, не заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он жыл жұмыс өтілі бар, біліктілік емтиханын тапсырған, медициналық куәландырудан өткен

және судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқ екендігін растаған, негізгі жұмыс орнынан қол үзіп, сотта ақы төленетін бір жылдық тағылымдамадан ойдағыдай өткен және соттың жалпы отырысының оң қорытындысын алған, полиграфологиялық зерттеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматы аудандық соттың судьясы болып тағайындалады.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңы судьяның кәсіби қызметін бағалау жөніндегі 30-1 бабымен толықтырылды. Судьяның кәсіби білімінің деңгейін және оны сот төрелігін іске асыру кезінде қолдана білуін, сот қызметінің нәтижелерін, судьяның іскерлік және адамгершілік қасиеттерін, оның аталған Конституциялық заңда және Судья әдебі кодексінде қойылатын талаптарға сай келуін бағалау судьяның кәсіби қызметін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде судьялар корпусының сапалық құрамын жақсарту, кәсіби біліктілікті бағалау және оның өсуін ынталандыру, істерді қарау кезінде заңдылықты нығайтуға жауаптылықты арттыру, азаматтардың құқықтары мен қоғамның мүдделерін қорғау мақсатында жүргізіледі.

Ағымдағы жылдың қазан айында Қазақстан судьяларының кезектен тыс VII съезінің өткізілуі жоспарланып отыр. Бұл шешім қоғамның судьялардың кәсіби біліктілігі, моральдық келбетіне деген талаптарының өсуімен және жаңа Судья әдебі кодексін қабылдау қажеттілігінен туындады.

2013 жылы өткен республика судьяларының VI съезінде Елбасы республикамыздағы сот жүйесінің әрі қарай дамыту мақсатында бес міндетті орындауды тапсырған болатын. Олардың қатарында соттар қызметінің заң шығару және іс жүргізу нормаларының

## ЖОБА

**Судьялар жүріс-тұрысының этикалық қағидалары мен ережелерінің кодексі (Судьялардың этикалық кодексі)**

## II ТАРАУ .....

**12-бап.** Судья сот билігінің беделін түсіруге, сот төрелігінің тәуелсіздігі мен шындығына негізделген күмәндарға әкеп соқтыратын кез келген әрекеттерден (әрекетсіздіктерден) аулақ болуы тиіс. Судья, егер бұл сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі болмаса, заңмен рұқсат етілген өзге ақысы төленетін қызметпен айналысуға құқылы.

**13-бап.** Судья қабылдайтын процессуалдық шешімдердің заңдылығы мен дәлелдігі, оның қызметін қандай да болса жария түрде талқылауына немесе бағалауына қарамастан, қамтамасыз етілуі тиіс. Шығарылатын шешімге ықпал ету мақсатында сот қызметіне заңсыз араласу, тікелей немесе жанама қысым көрсету талпыныстары туралы судья, олар кімнен шықса да, сот төрағасына, судьялар қауымдастығының органдарына хабарлауы тиіс.

## ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС СУДЬИ

«Ел тәуелсіздігінің бірінші он жылдығы сөзсіз тарихқа тек реформалар кезеңі ретінде емес, сондай-ақ ең ауқымды мәніндегі әділдіктің орнау кезеңі ретінде кіреді. Ұзақ жыл бойғы телефондық заңсыздық пен «құқықтың» басқа да бейресми түрлерінен кейін адам сот билігінің күші мен беделін сезіне бастайды».

*Қазақстан Республикасы Президентінің  
Қазақстан Республикасы Судьяларының III съезінде  
сөйлеген сөзінен. Астана, 2001ж.*

жүйелі жетілдіру, дау-жанжалды шешудің баламалы әдістерін енгізу, азаматтарға сот төрелігінің қолжетімділігін қамтамасыз ету, қазақстандық судьялар корпусының кәсіби біліктілігін арттыру көзделді және осы міндеттерді сәтті орындау элементінің дамыған отыз мемлекетінің қатарына енуді қамтамасыз ететіні айтылды.

Өткен съезде Елбасы «Қазақта «Билік айту оңай, біліп айту қиын» деген сөз бар. Әділ қазылық ету – кез-келген судьяның қасиетті парызы. Ол үшін заңды бес саусақтай білу жеткіліксіз. Ең бастысы, би адал, әділ болуы керек. Қазы – халықтың ойданы. Ол қара қылды қақ жарған әділ болса, даугерлер төреліктің дұрыстығына күмән келтірмейді. Айыпкер заң бұзғанға зауал бар екенін түсінеді», - деген болатын.

Президенттің судьялардың біліктілігіне қойылатын талап-

тарды күшейтуі заман талабынан туындап отырған мәселе. Ата Заңымызда сот төрелігін Қазақстан Республикасының атынан соттардың жүзеге асыратыны, судьялар сот төрелігін іске асыруға өкілеттіктер берілген, өз міндеттерін тұрақты негізде орындайтын және сот билігін жүргізуші мемлекеттің лауазымды адамы болып табылатындығы айтылған. Сондықтан мемлекет атынан шешім қабылдап, сот төрелігін жүзеге асырушы судьяларға қойылатын біліктілік талаптарының күшейтілуін уақыт талабымен үндескен қадам деуге болады. Білікті судья қабылдаған сот актілері сотқа жүгінуші тараптардың наразылығын тудырмай, азаматтардың мемлекетке, сот билігіне деген сенімін арттырып, олардың конституциялық құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.

### ИЗ ИСТОРИИ СОЮЗА СУДЕЙ

Постановлением Центрального Совета Союза судей Республики Казахстан от 26 марта 2002 года в целях поощрения и морального стимулирования судей за их заслуги в осуществлении правосудия, за активную общественную работу в рамках судейского сообщества, утверждено Положение о порядке поощрения и награждения почетным знаком «Үш би», о вручении Почетной грамоты и присвоении звания «Лучший судья года».



## ЖОБА

### Судьялар жүріс-тұрысының этикалық қағидалары мен ережелерінің кодексі (Судьялар- дың этикалық кодексі)

**17-бап.** Судьяның кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі жүріс-тұрысы қоғамның сот органдарының адалдығы мен қиянатқа бармайтындығына сенімін қалыптастыруы және қолдауы тиіс.

Судьяны параға жығуға талпыныс немесе оған белгілі болған сот талқылауының қатысушыларын параға жығуға талпыныс туралы судья сот төрағасына және құқық қорғау органдарына хабарлауы тиіс.

**18-бап.** Судья сот төрелігі бойынша қызметіне байланысты қанда да болса материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктер мен артықшылықтарды қабылдауға құқысы жоқ.

Судьяларға жариялы түрде немесе ресми іс-шаралар кезінде олардың лауазымдық жағдайына байланысты немесе олардың қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты, сонымен қатар олардың отбасылары мүшелеріне берілген (табысталған) сыйлықтарға құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында реттеледі.

**19-бап.** Судья салықтық және өзге де мүлкілік міндеттемелерді уақытылы орындауы, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде және тәртіпте өзінің кірістері, шығыстары және мүлкі туралы мәліметтерді уақытылы және дұрыс декларациялауы тиіс.

# СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СИСТЕМЫ ОТБОРА СУДЕЙ НА ОСНОВЕ МЕЖДУНАРОДНОГО ОПЫТА



**Сагынбек  
УЗЫКАНОВ**

**Судья суда № 2  
г. Семей**

Важное место в Плане нации «100 конкретных шагов» отведено мерам по обеспечению верховенства закона, осуществление которых невозможно без модернизации судоустройства и судопроизводства. Одним из направлений реформирования судебной системы является совершенствование системы отбора судей.

В 2014 году высший судебный орган страны провел конференцию по вопросам отбора и назначения судей с участием представителей Бюро ОБСЕ по демократическим институтам и правам человека (БДИПЧ). В докладе сотрудника Бюро г-на Келли Арнесен отмечалось, что отбор и назначение судей являются ключевыми элементами, определяющими общую степень независимости любой судебной системы. Поскольку обе-

спечение справедливого и прозрачного процесса отбора и назначения судей, основанного на оценке их профессиональных качеств, не только гарантирует отбор самых достойных кандидатов на судебные должности, но также закладывает фундамент судебной системы, свободной от политического влияния, где не существует одолжений и лояльности кому-либо за что-либо. Это, в свою очередь, гарантирует право каждого гражданина на то, что его дело будет рассматриваться независимым, беспристрастным и справедливым судом.

На основе рекомендаций и международного опыта рабочая группа Национальной комиссии пришла к выводу о необходимости введения пятилетнего стажа работы для секретарей судов, работников прокуратуры и адвокатуры, передачи Института правосудия в ведение Верховного Суда, что позволит выявить проблемы подготовки судебного резерва, организовать эффективную систему повышения квалификации судей.

При реформировании судебной системы страны используются международные стандарты и концептуальные модели отбора и назначения судей. К таковым относятся Киевские рекомендации ОБСЕ / БДИПЧ по вопросам независимости судебной власти в странах Восточной Европы, Южного Кавказа и Центральной Азии, разработанные в 2010 году в Киеве независимыми экспертами со всего мира, включая и Казахстан. Пункт 21 рекомендаций предусматривает проверку дисквалифицирующих факторов и имеет четкие критерии в отношении таких факторов, как судимость, сомнительные (неподобающие) связи, проблемы со здоровьем, финансовая зависимость и т.д. Эти факторы могут служить основанием

## ПРОЕКТ

**Кодекс этических принципов и правил поведения судей (Этический кодекс судей)**



### ИЗ ГЛАВЫ III

**Статья 32.** Судья должен заботиться о своей репутации и репутации своей семьи, о правильной информированности судебного сообщества относительно своего семейного статуса и его изменениях.



**Статья 33.** Судья должен прилагать усилия к надлежащему воспитанию несовершеннолетних детей, надлежаще исполнять юридические обязательства по оказанию помощи родителям и другим нетрудоспособным членам семьи.



**Статья 34.** О факте совершения преступления членами семьи, близкими родственниками судья должен незамедлительно информировать орган судебного сообщества.

Сам по себе факт совершения членом семьи или близким родственником преступления не является нарушением этических принципов и правил поведения со стороны судьи, если отсутствуют сведения о ненадлежащем воспитании им своих несовершеннолетних детей, утаивании или покровительстве преступным деяниям.

## ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС СУДЬИ

для осуществления ряда проверок сведений о кандидате в той или иной форме, но вместе с тем осуществляемые меры должны быть предусмотрены законом, оправданы целью и пропорциональны.

Согласно пункту 22 рекомендаций такие проверки сведений должны «проводиться с максимальной осторожностью и строго на основе принципа верховенства права». Требование к форме проверки сведений о кандидате - она должна быть ограничена «стандартной проверкой на наличие (отсутствие) судимостей и любых других дисквалифицирующих обстоятельств, которая осуществляется полицией».

Особое внимание уделено прозрачности процедуры отбора, мотивированности отказа и возможности его обжалования. Международные стандарты при отборе, назначении и продвижении судей по службе требуют соблюдения принципов прозрачности, объективности, не дискриминации, несменяемости судей. Основной принцип независимости судей определяет, что лица, отобранные на судебные должности, должны иметь высокие моральные качества и способности. Назначаемые судьи имеют гарантированный срок полномочий до обязательного выхода на пенсию.

В этой связи в стране разработан новый Этический кодекс судьи, ужесточающий требование к действующим судьям, с правом граждан на обжалование их действий непосредственно в судебное жюри. Для укрепления независимости судей Парламентом приняты поправки в конституционный закон «О судебной системе и статусе судей», где предусмотрено пожизненное содержание судей в отставке.

В «Основных принципах, касающихся независимости судебных органов» ООН заложены такие требования, как «гарантированный срок полномочий до обязательного выхода на пенсию или истечения срока полномочий, где таковой установлен». Из этого следует, что любые меры, которые могут привести к увольнению судей, должны быть основаны на четко сформулированных законах и справедливых процедурах.

Немаловажное значение имеет требование защиты судей от воздействия на процесс принятия ими решений. Как отмечено в Рекомен-

дации 12/2010 Комитета Министров Совета Европы, это включает и защиту от «влияния, оказываемого руководящими органами внутри судебной системы». При оценке работы судей этот принцип требует тщательной проверки последствий любой меры, которая ненадлежащим образом может повлиять на судей в процессе принятия ими решений, даже тогда, когда такие меры осуществляются исключительно судебными руководящими органами.

Венецианская комиссия в докладе о независимости судебной системы указала, что «принцип внутренней судебной независимости означает, что независимость каждого отдельного судьи несовместима с отношением подчинения в их деятельности по принятию судебных решений». Вывод: любая система, применяемая с целью оценки, которая также включает процесс принятия судьями решений, должна быть строго ограничена.

В Основных принципах ООН заложены международные стандарты подотчетности судей, которые могут помочь установить границы системы оценки работы, которая уважает независимость судей. Руководствуясь этими принципами, Совет Европы в своей рекомендации предоставляет дополнительные указания о пределах профессиональной подотчетности судей. Согласно указаниям, «интерпретация закона, оценка фактов или анализ доказательств, выполняемые судьями при разрешении дел, не должны приводить к дисциплинарной ответственности, за исключением случаев преступного умысла и грубой небрежности». Судьи не должны нести личную ответственность в случаях, когда их решение отменяется или изменяется в апелляционном порядке. В контексте оценки работы судей эти стандарты означают, что в тех случаях, когда оценка может привести к негативным последствиям для судьи, она не должна базироваться на содержании или сущности решений судьи, или на их стабильности в ходе апелляции.

Киевские рекомендации указывают на то, что проведение оценки не должно вредить независимости при вынесении судебных решений. Рекомендовано, чтобы системы, используемые для оценки судей, и системы, используемые для решений по дисциплинарной ответственности

### ПРОЕКТ

## Кодекс этических принципов и правил поведения судей (Этический кодекс судей)



**Статья 35.** Судья несет ответственность за заведомо недостоверное отражение в документах, поданных им ранее для участия в конкурсе в качестве кандидата на должность судьи, сведений о привлечении к уголовной ответственности членов его семьи или близких родственников.



**Статья 36.** Судья не вправе использовать авторитет судебной должности для достижения членами семьи, близкими родственниками и другими лицами своих личных интересов, а также для неправомерного получения ими каких-либо благ и привилегий.

Судья должен быть осведомлен о материальных интересах членов своей семьи и принимать к этому разумные меры.



**Статья 38.** Судья должен избегать обвинений в семейственности. Если по каким-либо объективным причинам (заключение брака, изменение административно-территориальных границ и другие) окажется, что в одном районе, городе работают судьями супруги, либо их члены семьи, либо близкие родственники, судьи, связанные родственными узами, должны принять предусмотренные законом меры к переводу их в другую местность, либо заявить об отставке с занимаемой должности.



## СУДЬЯЛАРДЫҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

сти судей, были полностью отделены друг от друга.

Эти рекомендации воплощены в Судебном жюри при Верховном Суде РК, в котором существуют комиссии по профессиональной оценке деятельности судей и дисциплинарная комиссия.

Киевские рекомендации при оценке работы судей принимают во внимание качественные и количественные критерии, которые существуют в судебной системе. Предпочтение отдается качественному критерию оценки судей. Венецианская комиссия, ссылаясь на итоги совещания в Киеве, считает, что качество работы судьи не может измеряться путем подсчета количества дел, которые рассмотрел судья, независимо от их сложности, или количества судебных решений, поддержанных в суде вышестоящей инстанции. При этом Венецианская комиссия рекомендует приемлемые критерии: профессиональные способности, личные качества и навыки общения, способность разрешать дела и справляться с судебной нагрузкой, эффективность работы, качество аргументации, коммуникативные и организаторские способности.

Венецианская комиссия считает, что измерение средней продолжительности судебного рассмотрения является нецелесообразным, и должно использоваться с большой осторожностью, так как оно может повлиять на независимость судьи. Эти рекомендации учтены при принятии нового УПК, который не устанавливает конкретные сроки рассмотрения уголовного дела.

Немаловажным вопросом Венецианская комиссия считает учет доли отмененных решений, вынесенных судьями - если судьи будут руководствоваться той позицией, которую, как они ожидают, займет суд вышестоящей инстанции, то это является нарушением прав человека, поскольку фактически устраняет одну инстанцию. По ее мнению, критерий стабильности судебных решений является сомнительным методом, поскольку влечет за собой вторжение в пределы независимости судей.

Принимаемые руководством страны меры по реформированию судебной системы, по обеспечению верховенства закона, позволяют нашей стране занять одно из высоких мест среди стран, имеющих высокий рейтинг состояния и развития судебной системы.



## СУДЕБНАЯ СИСТЕМА КАЗАХСТАНА: ЦИФРЫ И ФАКТЫ

На сегодняшний день  
в Казахстане функционирует

**371 суд.**

Это – Верховный Суд, 17 областных и приравненных к ним судов, 353 районных суда (включая специализированные: 10 военных, 16 экономических, 26 административных, 17 по уголовным делам и 19 по делам несовершеннолетних).

Штатная численность судей  
составляет всего

**2 664  
единицы.**

Из них: 65 – судьи Верховного Суда, 456 – судьи областных и приравненных к ним судов, 1 602 – судьи районных судов и 541 – судьи специализированных судов.

### ПРОЕКТ

## Кодекс этических принципов и правил поведения судей (Этический кодекс судей)



**Статья 39.** Судье следует избегать совершения гражданско-правовых сделок, которые могут навредить его репутации, быть разборчивым в личных знакомствах и связях.



**Статья 41.** Судья должен исключить непроцессуальные контакты, под которыми понимается любое не предусмотренное процессуальным и иным законодательством общение с лицами, участвующими в деле, их представителями, прокурором, адвокатом, иными заинтересованными лицами по вопросам, связанным с отправлением правосудия по конкретному судебному делу, находящемуся в его производстве.



**Статья 42.** Судья должен избегать посещения увеселительных заведений и других публичных мест, если это может нанести урон его общественному имиджу. Непристойное поведение, злоупотребление спиртными напитками, использование запрещенных веществ, увлечение азартными играми не совместимы со статусом служителя Фемиды.

# СУДЬЯЛАР ӘДЕБИ КОДЕКСІ – ҚОҒАМ ТАЛАБЫНАН ТУЫНДАҒАН ҚҰЖАТ



**Шәмшілдин  
ЖОЛКЕНОВ**

**Шахтинск қаласының  
мамандандырылған  
әкімшілік сотының  
төрағасы**

Бүгінгі таңда елімізде кеңінен талқыланып жатқан Судьялардың жаңа әдеп кодексінің жобасы тек судьялар корпусы ғана емес, тұтастай қоғам үшін де маңызды. Қоғамда барлық кәсіп иелерінің, соның ішінде, судьяның, прокурордың, адвокаттың, мұғалімнің, дәрігердің, полиция қызметкерлерінің әдебіне қойылатын талап жоғары. Себебі, олар халықпен жұмыс істейді, ал, халық – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы.

Судьялардың әдеп кодексі Ресей Федерациясы, АҚШ, Әзірбайжан, Үндістан, Италия, Канада, Литва, Молдова, Украина, Эстония, Жапония және өзге де бірқатар мемлекетте қабылданса,

ал, Германия, Ұлыбритания мен Францияда қабылданбаған. 1994 жылдың 7 мамырында қабылданған Италияның судьяларының әдеп кодексі судьялардың мінез-құлық ережелері бекітілген ең алғашқы әдеп ережелерінің жинағы болып саналады.

Біздің егеменді еліміздегі қолданыстағы Судья әдебі кодексі 2009 жылы судьялардың V съезінде қабылданған болатын. Бүгінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 қадам» Ұлт жоспарындағы тапсырмалар аясында аталған құжаттың жаңа нұсқасы дайындалды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Осынау аса маңызды құжат нақты тапсырмаларды қамтуы және биліктің атқарушы, заң шығарушы және сот тармақтары басшыларының дербес жауапкершілігін көздеуі тиіс» екендігін айтып, судьялар Әдебі кодексін келесі өткізілетін судьялар съезіне дейін мінсіз құжатқа айналдыруды нақты тапсырған еді. Жаңа жобадағы бекітілген қағидалар және қағидаттар алдымен еліміздің Ата Заңына, «Қазақстан Республикасы сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заңға негізделген. Алғашқы кодекс 9 баптан ғана тұрған болса, жаңа жоба 6 тарау, 32 бапты қамтиды.

Судьялар әдебі кодексінде судьяның мінез-құлық принциптеріне басты назар аударылып, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңды және ар-ожданлы басшылыққа алып, шешім қабылдау қажеттілігі көрсетілген. Кодексте судья сот билігінің беделін түсіретін, абырой-беделіне нұқсан келтіретін және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде оның объективтілігі мен бейтараптылығына күмән тудыра-

## ЖОБА

Судьялар жүріс-тұрысының этикалық қағидалары мен ережелерінің кодексі (Судьялардың этикалық кодексі)

### III ТАРАУ .....

**36-бап.** Судья отбасы мүшелерінің, жақын туыстары немесе басқа тұлғалардың өздерінің жеке мүдделеріне қол жеткізу, сонымен қатар олардың қандай да болса игіліктер мен артықшылықтарды алу үшін судьялық лауазым беделін пайдалануға құқысы жоқ.

Судья өз отбасының материалдық мүдделері туралы хабардар болуы және бұған дұрыс шаралар қолдануы тиіс.

**37-бап.** Судья сот төрелігін жүзеге асырумен байланысты оның әрекеттеріне өз отбасы мүшелерінің, жақын туыстары мен басқа тұлғалардың ықпал етуіне жол бермеуі тиіс.

**38-бап.** Судья сот қызметіне жақындығын айыпталудан аулақ болуы тиіс. Егер қандай да болса объективті себептермен (некелесу, әкімшілік шекаралардың өзгеруі және т.б.) бір ауданда, қалада судьялар болып ерлізайыптылар, немесе олардың жақын туыстары қызмет етсе, онда туыстық байланыстағы судья өзін басқа аумаққа заңда көрсетілген тәртіппен ауысуға шара қолдануға міндетті немесе атқарылатын лауазымнан отставкаға шығу туралы мәлімдеме жасауы тиіс.



## СУДЬЯЛАРДЫҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

«Әділ және сатылмайтын сот – демократиялық және құқықтық мемлекеттің аса маңызды негізі. Тәуелсіз Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі – соттар мен судьялардың заңдылық тұрғыда ғана емес, іс жүзінде тәуелсіздік алуы».

*Қазақстан Республикасы Президентінің  
Қазақстан Республикасы Судьяларының V съезінде сөйлеген  
сөзінен. Астана, 2009ж.*

тын жағдайлардың бәрінен бойын аулақ ұстауы тиіс екендігіне кеңінен мән берілген. Тіпті, жұмыстан тыс, өзге уақыттарда да судьяның мінез-құлқы мен сыртқы келбеті оның атқарып отырған лауазымына сәйкес болып, қызметін өзінің жеке басының қамын күйттеуге немесе отбасы мүшелерінің мүдделері үшін пайдаланбауға тиіс екендігі Кодексте егжей-тегжейлі жазылған.

Таяуболашақта әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылуды мұрат тұтқан еліміздің халықаралық қауымдастықтан лайықты орын алуы үшін заңдарымыздың ізгі, сот билігінің дүниежүзілік стандарттарға сай болуының барша мүмкіндіктері қарастырылып отыр. Жаңа дәуір соттарының шынайы мәртебесін – судьялардың біліктілігі мен білімдарлығы, ар-ождан тазалығы мен абырой-беделі, іскерлігі мен адамгершілік бет-бейнесі айқындайды.

Судья сот төрелігін жүзеге асыру барысында ұдайы шиеленістер мен қайшылықтар алаңында тұрады. Бұл олардан мейлінше ұстамды, сабырлы, салиқалы, іскер де тапқыр, тез шешім қабылдай алатын, жоғары парасат иесі болуды талап етеді.

Әділ сот билігін атқаруға құзіреттілік берілген кешегі өткен билер де, қазіргі судьялар да халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілегі мен шағым-өтініштерін тыңдап, шындықты жақтап, өзі өмір сүрген

қоғамның әділдік ұстанымдарына қызмет етіп келеді. Олардан кәсіби ерекшеліктеріне қарай заңдарды, елдің салт-дәстүрі, жөн-жоралғыларын жақсы ғана біліп қоймай, қоғам алдындағы жауапкершілігін терең сезініп, қабілетімен ғана емес, жеке бастарының қадір-қасиетімен де үлгі-өнеге көрсете білуі талап етіледі.

Ұлт Жоспарында: «Екінші реформаның мәні тәуелсіз сот төрелігі мен Қазақстанның бүкіл құқық қорғау жүйесінің тек қана азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, заңдарды қатаң орындауға және құқық тәртібін нығайтуға бағытталуы тиістігінде», деп көрсетілген.

Елімізде құқықтық ортаны жаңғырту мақсатында жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексі мен «Жоғары Сот Кеңесі туралы» Заң қабылданды.

«Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, Қылмыстық іс жүргізу кодексіне және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске қажетті өзгерістер енгізілді. Қоғам жаңартылған заңнамалар нәтижесінде соттардан заң үстемдігін қамтамасыз етуді күтетіндігі белгілі.

Тұтастай алғанда, Қазақстанда құқықтық мемлекетті қалыптастыру тұрғысынан алғанда судьялардың моральдық болмысына қойылатын талаптардың артуын заңды құбылыс деп қабылдағанымыз дұрыс.

### ЖОБА

## Судьялар жүріс-тұрысының этикалық қағидалары мен ережелерінің кодексі (Судьялардың этикалық кодексі)

**39-бап.** Судьяға оның беделіне зиян келтіруі мүмкін азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасаудан аулақ болып, жеке таныстар мен байланыстарда талғампаз болу керек.

**40-бап.** Судьяның соттан тыс мінез-құлқы, оның процестің басқа қатысушыларымен өзара қарым-қатынасы әділ сот органдарының тәуелсіздігі мен қиянатқа бармайтындығына деген қоғам сеніміне қолдау көрсетуге ықпал етуі тиіс.

Судья оның адалдығына күмән келтіретін, соның ішінде сот процесінің қатысушыларымен туыстық және өзге де жеке өзара қарым-қатынастарына байланысты кез келген жағдайлардан аулақ болуы тиіс.

**41-бап.** Судья оның іс жүргізуінде нақты сот ісі бойынша сот төрелігімен байланысты мәселелер бойынша іске қатысатын тұлғалармен, олардың өкілдерімен, прокурормен, адвокатпен, өзге де мүдделі тұлғалармен процессуалдық және өзге де заңнамада көзделмеген кез келген қарым-қатынас деп түсіндірілетін процессуалдық емес қатынастарды болғызбауы тиіс.